

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2022ж. « 27 » сәуірде жарияланған

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрдің
орынбасары – қаржы
министрі
Е.К. Жамаубаевқа

Депутаттық сауал

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы!

Көкшетау қаласындағы өрт сөндірушілер мен құтқарушыларды даярлайтын Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы бүгінгі таңда елімізде ғана емес, жалпы Орталық Азиядағы азаматтық қорғау органдарының офицерлерін даярлайтын жалғыз оқу орны.

Бір өкініштісі, 1997 жылы құрылған академияның қазіргі халі мүшкіл, атына заты сай емес. Бұл сұрақты Үкіметтік сағатта көтерген болатынбыз. Наурыз айында Академияға арнайы барып, мәселені артқа шегермей, шұғыл түрде шешу қажет екеніне көз жеткіздім.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары салынған төрт қабатты ғимарат қазіргі таңда курсанттар тұратын казармаға бейімделген. Ешбір стандартқа, санитарлық нормаға сай келмейтін, қырық жамау терезесінен жел гуілдеп тұрған, жуынатын бөлме мүлде қарастырылмаған 250 адамға арналған жатақханада 450 курсант амалдың жоқтығынан тұруға мәжбүр. Ал бітіруші курсанттар қаладан пәтер жалдап, өз күнін өзі көруде.

Оқу орнының материалдық-техникалық базасы мүлде сын көтермейді. Академия балансындағы 264 компьютердің 88%-ы қолданысқа жарамсыз. Қалған 30-ға жетер-жетпес техника істен шығуға жақын. Соңғы рет компьютерлік техника 2012 жылы, яғни, 10 жыл бұрын жаңартылған.

Академияның оқу корпусы, зертханалары заманауи талаптардан алшақ, елордалық мектептің спорт залы академияның тозығы жеткен спорт кешенің екі орап алады, тіпті салыстыруға келмейді.

Академия жайлы мәлімет Ұлттық білім беру деректер қорында мүлде жоқ. Оқу орны 2013 жылдан бері өз күшімен жасақтаған бір істеп, бір істемей тұрған «Курсант» ақпараттық жүйесі арқылы жұмыс істеуде. Бұл мәселені шешуге қаржы көзі табылмай отыр.

Табиғи және техногендік, су тасқыны мен жер сілкінісі, экологиялық сипаттағы апаттарда бірінші болып көмекке келетін болашақ офицерлерді жоғарыда баяндалған жағдайда даярлау барып тұрған қиянат.

Академия басшылығы қалыптасқан жағдайға қарамастан, жоқтан бар жасауда. Бірақ кешенді әрекетсіз бұлай ұзаққа бармасы анық.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы!

Елімізде соңғы жылдары орын алған төтенше оқиғалар аталған саладағы жалғыз Академияға тиісті жағдай жасап, көңіл бөлу қажет екенін көрсетіп отыр. Біздің мемлекеттің әлеуеті оған толық жеткілікті.

Сол себепті жылдар бойы қордаланған келесі сұрақтарды назарға алып, оң шешімін қарастыруды сұраймыз.

Біріншіден. Академияның жаңа оқу корпусын, жатақханасын, спорт кешенін салу үшін жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге және оқу процесін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені сатып алуға қаржы бөлу мәселесін шешу қажет.

Екіншіден. Академияның материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға жыл сайын Республикалық бюджеттік комиссия қолдамай келе жатқан бюджеттік өтінімді қолдап, тиісті қаржыны бөлу мәселесін қайта қарастыру керек.

Жоғарыда баяндалған сұрақтар бойынша нақты шешімдер қабылдап, нәтижесін заңда көрсетілген мерзімде хабарлауыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,
«AMANAT» партиясы
фракциясының депутаттары**

**М.Ахметов
Е.Абақанов
Қ.Абасов
Е.Бейсенбаев
Ғ.Елеуов
Ю.Кучинская
Е.Смышляева
Ж.Сүлейменова**

✉ А.Жұмамұратова
☎ 8(7172) 74-62-06,
✉ Zhutamuratova@parlam.kz